



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Астана қ.

2024 жыл, 14 наурыз


2023 жылы халықаралық ақша аударымдары жүйелері арқылы 1,33 трлн теңге жүргізілді

2023 жылы **халықаралық ақша аударымдары жүйелері** (бұдан әрі – ХААЖ) арқылы жүргізілген ақша аударымдарының жиынтық көлемі **1,33 трлн теңге** болды. Бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 26%-ға төмен (*төмендеу, көбіне, алынған аударымдардың көлеміне қарай белгіленеді*). ХААЖ банктік шот ашпай, аударым жүргізу үшін қолданылады. Негізінен, бұл аударымдар жеке тұлғалар арасындағы өтеусіз аударымдар сипатында болады.


Операциялардың **95%** көлеміндегі елеулі үлесі – Қазақстан мен басқа елдер арасындағы **трансшекаралық ақша аударымдарына** тиесілі.

ХААЖ арқылы жүргізілген жиынтық түріндегі ақшалар көлемінің **72%-ын шетелге** жіберілген аударымдар құрады. Олардың жалпы сомасы 2023 жылы 961,4 млрд теңгеге жетті. Бұл аударымдардың шамамен **80%-ы «Золотая Корона»** жүйесі арқылы жүзеге асырылды. Қазақстаннан шетелге жүргізілген бір аударымның орташа сомасы – **372,2 мың теңге**. Осы ХААЖ арқылы жүзеге асырылған аударымдарды алушы негізгі елдер: *Өзбекстан (27,5%), Ресей (25,1%), Түркия (23,1%), Грузия (9,6%) және Қырғызстан (3,4%)*.

Жиынтық көлемнің **23%-ы шетелден** алынған ақша аударымдарынан тұрады. Олардың көлемі осы кезеңде **305,8 млрд теңгеге** жетті. Бұл операциялардың едәуір бөлігі **«Золотая Корона»** мен **«Вестерн Юнион»** төлем жүйелеріне тиесілі. Шетелден Қазақстанға жүргізілген бір аударымның орташа сомасы **282,3 мың теңге** болды. Бұл аударымдарды жөнелтуші негізгі елдер: *Ресей (35,3%), АҚШ (11,0%), Өзбекстан (11,0%), Оңтүстік Корея (10,7%) және Түркия (6,4%)*.



2023 жылы шетелден алынған аударымдардың
елдер арасындағы динамикасы



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz